





 Глобальный фонд

ТУБЕРКУЛЕЗ / ДӘРІГЕ ТӨЗІМДІ ТУБЕРКУЛЕЗ

*АИТВ-мен ауыратын
адамдарға арналған
кітапша*






Микобактериялар – бұл көзге көрінбейтін ағзалар, олар өкпені және басқа мүшелерді (лимфа түйіндері, сүйектер, ішек, ми және т.б.) зақымдауы мүмкін.

Туберкулез науқас жөтелгенде, түшкіргенде аузы мен мұрнын жаппаса немесе қақырса ауа арқылы тарайды. Жұқтыру үшін адамға аз ғана мөлшерде микобактериямен дем алу жеткілікті.



Туберкулез көбінесе өкпені (өкпе туберкулезі), кейде лимфа түйіндері, сүйектер, ішектер немесе ми сияқты басқа органды (өкпеден тыс туберкулез) зақымдайды.



АИТВ мен туберкулез бір-бірімен белсенді түрде өзара әрекеттеседі. Туберкулез кезінде адамның иммун тапшылығы вирусы (АИТВ) белсенді түрде көбейе бастайды, АИТВ инфекциясы ЖИТС-ке тез ауысады. Сонымен қатар, АИТВ инфекциясын жұқтырғанда да туберкулез тез өршиді. АИТВ-мен ауыратын науқаста туберкулездің дәріге төзімді түрі жиі дамиды.

АИТВ-мен ауыратын науқаста туберкулез неғұрлым ерте анықталса, оның емделу мүмкіндігі де соғұрлым жоғары. Жыл сайын өкпені рентгенологиялық тексеруден және туберкулезге скринингтен өту қажет.

Скринингте туберкулез белгілері анықталады:

- 2 аптадан астам жөтел,
- салмақ жоғалту,
- қалтырау,
- түнгі терлеу.

Флюорологиялық тексеру кезінде АИТВ-мен ауыратын науқаста өзгеріс немесе туберкулездің белгісі байқалса, әртүрлі зерттеу әдістерін қолдану арқылы ауруды диагностикалау жүргізіледі.

Ең әуелі қақырықтың 2 үлгісін тапсыру керек.



Туберкулезді анықтаудың бірінші диагностикалық әдісі – GeneXpert – молекулалы-генетикалық экспресс тест әдісімен қақырықты зерттеу.



Бұл жылдам ПТР әдісі туберкулез диагнозын 2 сағат ішінде анықтауға және бір мезетте ТМБ-ның рифампицинге төзімділігін анықтауға мүмкіндік береді. GeneXpert-тің оң нәтижесі туберкулез диагнозын растайды. Бұл жағдайда екінші қақырық үлгісіне жағынды микроскопиясы жасалады. Қақырықта туберкулез қоздырғышы (ТМБ+) анықталса, науқас туберкулездің жұқпалы түрімен ауырған болып саналады.

2 аптадан астам жөтел кезінде ПТР – GeneXpert әдісімен қақырықты талдаудан өту керек.

**2 аптадан астам
жөтел кезінде ПТР –
GeneXpert әдісімен
қақырықты талдаудан
өту керек.**

**Қақырық талдауын тұрғылықты жері
бойынша емханада немесе ЖИТС
орталығында тапсыруға болады.**



Өкпеден тыс туберкулезді анықтау қиындау. Көбінесе бұл зардап шеккен ағзаның биопсиясын (тіннің бір бөлігін алу) қажет етеді.


Туберкулез диагнозын фтизиопульмонология орталығының орталық дәрігерлік-консультациялық комиссиясы (ОДКК) белгілейді.



ДӘРІГЕ ТӨЗІМДІ ТУБЕРКУЛЕЗ (ДТ ТБ) ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

КДТ ТБ – бұл туберкулезге қарсы негізгі препараттар – рифампицин мен изониазид әсер етпейтін көп дәріге төзімді туберкулез.

ДКТ ТБ – дәрінің кең түріне төзімді туберкулез кезінде рифампицин мен изониазид қана емес, одан бөлек фторхино-лондар (левофлоксацин, моксифлоксацин) және туберкулезге қарсы жаңа дәрілер (бедаквилин және/немесе линезолид) де әсер етпейді.



**Дәріні толық қабылдап,
соңына дейін дұрыстап
емделіңіз. Бұл сіз және сіздің
жақындарыңыз үшін
маңызды!**

КОТРИМОКСАЗОЛМЕН АЛДЫН АЛУ


АИТВ/Туберкулездің коинфекциясы кезінде туберкулезге қарсы емдеудің толық курсы аяқталғанға дейін пневмоцисті өкпе қабынуының алдын алу үшін туберкулезді емдеумен бір мезгілде котримоксазол (Бисептрим, Бисептол) тағайындалады.




Туберкулезді емдеуді және антиретровирусты терапияны (АРТ) CD4 лимфоциттерінің санына қарамастан диагноз расталғаннан кейін мүмкіндігінше тезірек бастау керек. Біріктірілген емді таңдау үшін фтизиатрға АИТВ-ның расталғаны жайлы, ал дәрігер - инфекционистке туберкулез диагнозы туралы хабарлау өте маңызды.

Туберкулезді емдеу екі кезеңде жүргізіледі: қарқынды (микроскопияның теріс нәтижесі алынғанға дейін туберкулездің инфекциялық түрімен ауыратын науқастарға арналған стационарда) және қолдаушы (амбулаторлы емдеу).

Қарқынды емдеу кезеңінде тез өсетін туберкулез қоздырғышы өледі, ал қолдау кезеңінде баяу өсетін және ұйықтап жатқандары өледі, бұл инфекцияны жоюға және болашақта туберкулездің қайталануын болдырмауға кепілдік береді. Негізі сезімтал туберкулезді емдеу **6-12 айға созылады**, ал дәріге төзімді түрі **9 айдан 20 айға** дейін созылады.



Туберкулезді сәтті емдеу үшін бір мезетте АРТ қабылдау қажет. Аурудың қайталануын және дәріге төзімді түрінің дамуына жол бермес үшін туберкулезді емдеудің толық курсынан өту керек.



АИТВ КЕЗІНДЕ ТУБЕРКУЛЕЗДІ ДӘРІМЕН АЛДЫН АЛУ

Қазақстанда туберкулездің жылдам таралуын ескере отырып, бұрын туберкулезбен ауырмаған және белсенді туберкулезбен ауырмайтын барлық АИТВ-ға 6 ай бойы изониазидті профилактикалық емдеу курсы ұсынылады.



**Есіңізде болсын!
Туберкулез диагностикасы
және емдеу тегін.**

**Емдеу режимі сақталса, туберкулез
толық жазылады, АИТВ инфекциясы
дамуын тоқтатады.**



**Жаһандық қордың Қазақстан Республикасының Ұлттық
фтизиопульмонология ғылыми орталығы жанындағы
«Туберкулез» компоненті бойынша 2020-2022 жылдарға
арналған «Қазақстандағы дәріге төзімді туберкулезге
қарсы тиімді әрекет ету» грант жобасын іске асыру
аясында**



 **Глобальный фонд**